

**Экономика және өндіріс саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Палестина Мемлекеті Үкіметінің арасындағы келісімді
бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 наурыз N 337

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1995 жылғы 27 желтоқсанда Газада қол қойылған Экономика және
өндіріс саласындағы ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Палестина Мемлекеті Үкіметінің арасындағы келісім
бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Палестина
Мемлекетінің Үкіметі арасында Экономика және өндіріс
саласындағы ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Палестина Мемлекетінің Үкіметі, бұдан
былай Уағдаласуши Тараптар деп аталады,

екі ел арасындағы достық байланыстарды ескеріп және экономика мен өндіріс
саласында қарым-қатынастардың дамуына атсалысуға деген үмтүлісты негізге ала
о т ы р ы п ,

экономика мен өндіріс саласындағы неғұрлым тығыз ынтымақтастықтың
Уағдаласуши Тараптардың екеуі үшін де өзара тиімділігін мойындаі отырып,
төмендегілер туралы келісті:

Уағдаласуши Тараптар тепе-тендік пен өзара тиімділік негізінде экономика мен өндіріс саласында екі жақты ынтымақтастыққа атсалысатын болады.

2-бап

Уағдаласуши Тараптар жан-жақты экономикалық байланыстарды кеңейту мақсатында экономика мен өндіріс саласында ынтымақтастыққа жәрдемдесетін болады

Уағдаласуши Тараптар сонымен қоса қолданылып жүрген зандар мен қалыптарға сәйкес екі елдің жеке адамдары, компаниялары мен ұйымдары арасындағы ынтымақтастыққа да қолғабыс беретін болады.

Осы Келісім бойынша Уағдаласуши Тараптардың өздеріне алған міндеттемелері Уағдаласуши Тараптар қатысушылары болып табылатын халықаралық келісімдерге қайшы келмейтін және олардың шеңберінен шықпайтын болады.

3-бап

Уағдаласуши Тараптар өзара мұдделілікті білдіретін ынтымақтастық салаларын айқындаپ, белгілейді. Бұл орайда ынтымақтастық мына бағыттар бойынша дами алады:

- ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және қызмет көрсету саласын қоса алғанда экономика мен кәсіпкерліктің әр түрлі салаларында ынтымақтастық мүмкіндіктерін зерделеу мен кеңейту, бұл орайда әрбір Тараптың өзіне қабылдаған міндеттемелеріне нұсқан келтіремеу ;

- өнеркәсіп, құрылыш, табиғи ресурстарды ұқсату және энергетика сияқты салаларда өзара мұдделілікті білдіретін жобаларды зерделеп, анықтау;

- ауыл шаруашылығын, өнеркәсіпті және қызмет көрсету саласын қоса алғанда әр түрлі қызмет салаларында екі жақты қарым-қатынастардың даму барысында экономика мен кәсіпкерлікте туындауы мүмкін проблемаларды анықтау, зерделеу және олардың шешімдерін іздестіру ;

- қабылдаушы Тараптың екінші Уағдаласуши Тараптың инвестициялары үшін

қолайлыш жағдайлар жасауы және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруы үшін
ынтымақтасық орнату;

- екі Тараптың қолданылып жүрген зандары ауқымында меншік құқығын, патенттер
мен авторлық құқықты қорғау саласында консультациялар алысып, ынтымақтасу;

- Уағдаласушы Тараптардың экономикалық ұйымдары арасында өзара ақпарат
алмасу;

- Тараптар уағдаласуы мүмкін басқа да ынтымақтастық.

4-бап

Уағдаласушы Тараптар өзара мұдделі болып табылатын салаларда келісімдер
жасасу арқылы экономика мен өндіріс саласында өзара қарым-қатынастарын дамытуға
атсалысуға деген ниеғін білдіреді.

5-бап

Жәрмеңкелер, мамандандырылған көрмелер, симпозиумдар және басқалары сияқты
ынтымақтастықты дамытуға атсалысатын іс-шараларға Уағдаласушы Тараптар
айрықша мән беретін болады. Осы мақсатта Уағдаласушы Тараптар аталған
іс-шараларды ұйымдастыруға жәрдем беріп,

оларға екі Тараптың кәсіпорындары мен мекемелерінің қатысуын
ынталандыратын болады.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар осы Келісімнің мазмұны жөнінде өз
араларындағы қандай да бір проблемаларды, даулы мәселелер мен
алшақтықтарды екі жақты келіссөздер арқылы шешу үшін құш-жігер
жүмсайды.

7-бап

Уағдаласуши Тараптардың өзара келісімі бойынша бұл Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады, олар хаттамамен ресімделеді.

8-бап

1. Осы Келісімнің іс жүзінде орындалуын және дамытылуын қамтамасыз ету үшін Экономика мен өндіріс саласында ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық Арас Комиссия (бұдан bylай "Арас Комиссия" деп аталады) құрылып, ол Уағдаласуши еki Тараптың өкілдерінен тұрады.

2. Өзара келісім бойынша еki Тараптың мекемелері мен мемлекеттік органдарының өкілдері аталған Арас Комиссияның жұмысына кеңесшілер (консультанттар) ретінде қатыса алады.

3. Қажет болған ретте Арас Комиссия арнайы мәселелерді қарау және осы мәселелер бойынша нақты келісімдерді талқылау жөнінде ұсыныстар енгізу мақсатында жұмыс топтарын құрады.

4. Келісімнің жүзеге асырылуына атсалысу және осы Келісімнің шенберінде ынтымақтастықтың даму барысын қадағалау, сондай-ақ мұндай ынтымақтастықты кеңейтіп, жеделдету жолдарын зерделеу және нығайту мақсатымен Арас Комиссия еki мемлекеттің аумағында алма-кезек жиналатын болады.

9-бап

Осы Келісім Уағдаласуши Тараптар тиісті ішкі консультациялық үрдістердің аяқталуы туралы бір-бірін хабардар еткен соң 60 күннен кейін күшіне енеді және егер Тараптардың біреуінен оның күшін жою туралы жазбаша хабар келіп түспесе, қанша уақыт болса да қолданыла береді, ал бұл орайда хабар алғынған күннен бастап 6 айдан кейін Келісімнің қолданылуы тоқтатылады.

10-бап

Осы Келісімнің қолданылу мерзімінің тоқтатылуы ол күшінде болған кезде басталып, бірақ аяқталмай қалған жобалардың немесе келісімдердің жүзеге асырылуына кедергі келтірмейді.

Газа қаласында 1995 жылғы 27 желтоқсанда әрқайсысы екі дана болып, қазақ, араб, және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бірдей. Алшактық тұа қалған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Палестина Мемлекетінің
Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК